**Жақсыбайкөл негізгі мектебінің «Мектеп парламенті» өзін -өзі басқару ұйымының 2024-2025 оқу жылының атқарылған жұмыстарының талдауы.**

Мектебімізда жыл сайын «Мектеп парламенті» өзін - өзі басқару ұймының іс шаралар жоспары құрылып , өзін-өзі басқаруын дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Оқушылардың өзін-өзі басқару органы Мектеп Парламенті әр оқу жылының басында сайланады. Оның құрамына сынып жиналыстарында таңдалған 8-9 -сыныпқа дейінгі сынып ұжымдарының өкілдері кіреді.

Өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысының мақсаты:

• Білім алушыларда азаматтық ұстанымды, өз алдындағы және қоғам алдындағы іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру;

• Елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

2023-2024 оқу жылындағы сайланған мектеп президенті биылғы оқу жылында да Мектеп президенті болды. Жалпы ұйымның мақсаты білім алушылардың бойына азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, адамзаттық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп президенті –Сисімов Жантілек Жаңбырбаұлы

Мақсаты: мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын алға қою. Мектеп білім сапасын 35

пайызға, тәртіпті 45 пайызға көтеру.

1. Құқық және тәртіп фракциясы – Айсина Жұлдыз Қуанышқызы

МӨБ ( мектептің өзін –өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

Міндеті:Топтардың нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыру

2. Ақпарат фракциясы- Еркінбекұлы Әлішер

Мақсаты: МӨБ ( мектептің өзін –өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

3. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы –Ұлықпанова Назым Жалғасбайқызы

Мақсаты: үзіліс уақытында және мектепшілік іс-шараларда оқушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау.

4. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Қошқаров Тоқтар Молдабайұлы

Мақсаты: Оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

5. Экология және еңбек фракциясы – Жасұланқызы Кәусар

Мақсаты: Оқушылардың ғылым, техника, экономика, заң, саяси, қоғамдық белсенділік саласындағы интелектуалдық кеңейту.

6.Мәдениет және өнер фракциясы – Қуанышқызы Мәдина

Мақсаты: бағыт бойынша түрлі мәдени шаралар өткізу (әншілер конкурсы, бишілер жарысы, спортпен шұғылдануы, оқушылар жайлы мағлұмат жинау) Мектебіміздің «Өзін-өзі басқару » ұйымының вацап желісінде чат ашылып белсенділер тіркелді.

7.Дебат қозғалысы – Жексенғалиева Сезім Сағадатқызы

Мақсаты: Қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

8.Қамқорлық фракциясы –Мержанова Дана Сағатқызы





Атқарылған жұмыстар тізімі:

Мектептің "Өзін-өзі басқару", "Парламент" ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024-2025 оқу жылына "Мектеп Президентін" сайлау алды отырыс өткізілді. Мектеп Президенттігіне үміткерлермен Сайлау алды бағдарламаларымен таныстырып, үміткерлер бір-біріне сәттілік тіледі.

Әр ай сайын мектеп парламентінің отырыс болып отырады.

Қыркүйек айында 1қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын, «Мен және менің отбасым», «Тәуелсіз елім тірегім» челленджі өткізілді.







Қараша айында «Салауатты өмір салты» спорттық жарыстар, «Адал адам - адал еңбек- адал табыс» дөңгелек үстел, театырланған қойылымдар, «SMART BAIA» жобасы аясында шаралар өтті. Оқушылар белсене араласты.





Дебат фракциясының ұйымдастыруымен «Бала тілі бал» дөңгелек үстел, «Заңды сақтау әділеттіліктің негізі» дебат, «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты шаралар өткізілді.






Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы көшбасшысыме«Мейірімді жүректен !» акциясы, «Ұшқыр ой дебат» клубының ұйымдастыруымен дебат, «Шынжүректен кітап сыйла» челленд ұйымдастырылды.

Мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастырумен «Қош келдің, әз наурыз» , «Алғысым шексіз» мерекелік концерттер болып өтті.







«Ұлттар достығы» тақырыбында іс шаралар, «Бірлік, Ынтымақ, Достық» тақырыбында челленд , «Шабыт» жобасы аясында «Жас сарбаз» әскери - патриоттық әндер өткізіліп, оқушылар марапатталды.

Бүгін біз тағы бір оқу жылын артқа тастап, мектеп парламентінің жылдық жұмысын қорытындылап отырмыз. Бұл жыл біз үшін түрлі іс-шаралар мен бастамаларға толы, белсенділік пен жауапкершілікке бай кезең болды. Мектеп өмірін жақсартуға бағытталған жобаларымыз – оқушылардың пікірін ескеріп, ортақ шешімдер қабылдаудың жарқын үлгісі болды.

Парламент мүшелері оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытуға, мектепішілік тәртіп пен ұйымшылдықты нығайтуға өз үлесін қосты. Түрлі мәдени, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар ұйымшыл ұжым болып жұмыс істеудің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Алда бізді жаңа мүмкіндіктер мен үлкен мақсаттар күтіп тұр. Осы жылы жеткен жетістіктеріміз – болашақтағы табыстарымыздың берік негізі. Баршаңызға атсалысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз. Бірге болсақ, біз алмайтын асу жоқ!

Аға тәлімгер: Жайлыбаева Базаргул Бакдаулетовна